



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ исх: 23-8/115 от: 14.02.2018

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары
(тізім бойынша)

2018 жылғы 18 қаңтардағы № ДЗ-7

Құрметті депутаттар!

Сіздердің 2018 жылғы 17 қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында жарияланған Семей ядролық сынақ полигонының *(бұдан әрі – СЯСП)* аумағында ядролық сынақтарға және оқу-жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу мәселесі жөніндегі депутаттық сауалдарыңызға қатысты мынаны хабарлаймыз.

«Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңда ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың санаттары айқындалған, оларға 1949 – 1990 жылдар кезеңінде СЯСП аумағында қызмет (оның ішінде мерзімді) өткерген адамдар да жатады. Олар үшін біржолғы ақшалай өтемақы, зейнетақыға үстемеақылар, еңбекке қосымша ақы төлеу және жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы түрінде әлеуметтік қорғау және қолдау шаралары көзделген.

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңның 6-бабына сәйкес **ядролық сынақтарға және оқу-жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдар деп танылады және «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Заңның 7-бабының 3) тармақшасына сәйкес оларға 6,19 АЕК мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы (2018 жылы – 14887 теңге) төленеді.**

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы ядролық сынақтарға және оқу-жаттығуларға тікелей қатысқанын растайтын құжат немесе әскери комиссариаттан немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар

комитетінен адамның ядролық сынақтарға және оқу-жаттығуларға тікелей қатысу фактісін растайтын анықтама негізінде тағайындалады (Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 445 бұйрығы).

Бұл ретте, әскери, оның ішінде СЯСП аумағында қызмет өткеруді растау туралы анықтамаларды беруді «Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі шеңберінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады (Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 113 бұйрығы). Бұрынғы КСРО елдерінің архивтерінен ақпарат алу қажет болған жағдайда қызмет көрсету уақыты 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараты бойынша Ресей Федерациясы уәкілетті органдарының архивтерінен қажетті анықтамалар алынған кезде ұйымдық-құқықтық және өзге де мәселелер туындаған жоқ.

Семей полигонында әскери борышын атқарған азаматтар – «атом сарбаздары» деп аталатын ерекше тәуекел бөлімшелерінің ардагерлері мәртебесіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында «ерекше тәуекел бөлімшелерінің ардагерлері» және «атом сарбаздары» деген ұғымдар регламенттелмегенін хабарлаймыз.

Сонымен, қолданыстағы заңнамада ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтар санаттары айқындалған және оларды әлеуметтік қорғау шаралары көзделген, СЯСП-дағы ядролық сынақтарға және оқу-жаттығуларға тікелей қатысқанын растайтын деректер алу тетігі реттелген.

Сонымен қатар, бұрынғы Семей облысының аумағында әскери қызмет өткерген адамдарды ядролық сынақтарға және оқу-жаттығуларға тікелей қатыспаған, әлеуметтік кепілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға жатқызу тек осы санат бойынша ғана емес, жалпы арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны алушылардың барлық санаттарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындаудың қалыптасқан жүйесін қайта қарауға әкеп соқтыруы мүмкін екенін атап өтеміз, ол өз кезегінде, халықты әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің тұтастығын бұзуға және бюджет шығыстарын ұлғайтуға әкелуі мүмкін.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ исх: 23-8/115 от: 14.02.2018

Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

на № ДЗ-7 от 18.01.2018г.

Уважаемые депутаты!

На Ваш депутатский запрос, оглашенный на заседании Мажиліса Парламента 17 января 2018 года, по вопросу выплаты специального государственного пособия (далее - СГП) лицам, непосредственно участвовавшим в ядерных испытаниях и учениях на территории Семипалатинского испытательного ядерного полигона (далее – СИЯП) сообщаем следующее.

Законом «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне» определены категории граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний, к которым также относятся и лица, проходившие службу (в том числе срочную) на территории СИЯП в период с 1949 по 1990 годы. Для них предусмотрены меры социальной защиты и поддержки в виде единовременной денежной компенсации, надбавки к пенсии, дополнительной оплаты труда и ежегодного дополнительного трудового отпуска.

Те лица, которые **участвовали непосредственно в ядерных испытаниях и учениях** в соответствии со статьей 6 Закона «О льготах и социальной защите участников, инвалидов Великой Отечественной войны и лиц, приравненных к ним» **признаются приравненными по льготам и гарантиям к участникам ВОВ** и согласно подпункту 3) статьи 7 Закона «О специальном государственном пособии в Республике Казахстан» им выплачивается СГП в размере 6,19 МРП (в 2018г. – 14887 тенге).

СГП назначается на основании документа, подтверждающего участие непосредственно в ядерных испытаниях и учениях или справки из военного комиссариата или Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан, подтверждающей факт участия лица

непосредственно в ядерных испытаниях и учениях (приказ Министра здравоохранения и социального развития от 03.06.2015г. № 445).

При этом, выдача справок о подтверждении прохождения воинской службы, в том числе на территории СИЯП, осуществляется Государственной корпорацией «Правительство для граждан» в рамках государственной услуги «Выдача справок о подтверждении прохождения воинской службы» (приказ Министра обороны от 14.03.2017г. № 113). В случае необходимости получения информации из архивов стран бывшего СССР время обслуживания продлевается до 90 (девяносто) рабочих дней.

По информации Министерства обороны Республики Казахстан при получении необходимых справок из архивов уполномоченных органов Российской Федерации организационно-правовых и иных вопросов не возникало.

Касательно статуса граждан, исполнявших воинский долг на Семипалатинском полигоне – *ветеранах подразделений особого риска, называемых также «атомными солдатами»* сообщаем, что действующим законодательством Республики Казахстан определения «ветераны подразделений особого риска» и «атомные солдаты» не регламентированы.

Таким образом, действующим законодательством определены категории граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний и предусмотрены меры их социальной защиты, урегулирован механизм получения данных, подтверждающих непосредственное участие в ядерных испытаниях и учениях на СИЯП.

В тоже время, отмечаем, что отнесение лиц, проходивших воинскую службу на территории бывшей Семипалатинской области к лицам, приравненным по социальным гарантиям к участникам ВОВ, но не принимавших непосредственного участия в ядерных испытаниях и учениях, может повлечь пересмотр сложившейся системы назначения СГП не только по данной категории, но и в целом по всем категориям получателей СГП, что в свою очередь, может привести к нарушению целостности системы социального обеспечения населения и увеличению расходов бюджета.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев